



Отбасы жағдайында тәрбиеленетін балаларға және олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) арналған консультативтік пункт туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелері

Осы ереже МДҰ-ның консультативтік пунктiнiң қызметiн реттейдi. Консультативтiк пункт МДҰ-ға бармайтын 1-жастан 6 жасқа дейiнгi балалар мен олардың ата-аналары (заңды өкiлдерi) үшiн құрылады және мектепке дейiнгi бiлiм беру бағдарламасын iске асыратын МДҰ-ның құрылымдық бөлiмi болып табылады.

Құру мақсаттары - отбасылық және қоғамдық тәрбиенiң бiрiздiлiгi мен сабақтастығын қамтамасыз ету, ата-аналарға (заңды өкiлдерге) психологиялықпедагогикалық көмек көрсету, МДҰ-ға бармайтын бала тұлғасының жан-жақты дамуын қолдау.

КП жұмысының мақсаты.

Мектеп жасына дейiнгi балаларды тәрбиелейтiн, мектепке дейiнгi балаларды үйде тәрбиелейтiн отбасыларына сонымен қатар ерекше бiлiм алуға мұқтаж мектеп жасына дейiнгi балаларды тәрбиелейтiн ата-аналарға (заңды өкiлдерiне) консультативтiк әрi әдiстемелiк көмек көрсету; қала аумағында отбасылық және қоғамдық тәрбиенiң бiрлiгi мен сабақтастығын қамтамасыз ету.

КП жұмысының мiндеттерi.

- МДҰ бармайтын, мектеп жасына дейiнгi балалардың ата-аналарына (заңды өкiлдерiне) көмек көрсету. - Ата-аналарды (заңды өкiлдерiне) балаға, оның жеке ерекшелiктерiне сай бiлiктi көмек беретiн бiлiм беру жүйелерi туралы ақпараттандыру.

КП қызметiн ұйымдастыру.

1. КП құру қызметiн ұйымдастыру Қазақстан Республикасының мемлекеттiк жалпыға мiндеттi бiлiм беру және мектепке дейiнгi тәрбие стандарты аясында меңгерушiнiң, психологтың, медициналық қызметкердiң, тәрбиешiлердiң және басқада мамандардың iс-әрекетiнiң шоғырлануы негiзiнде құрылады.

2. Ата-аналарға кеңес беру бiр немесе бiрнеше мамандармен әр алуан т.рлi бiр уақытта өткiзiледi: топтық, шағын топтық, жекеше. Бекiтiлген кестеге сәйкес ата-аналармен шағын, шағын топтық сабақтардың мерзiмдiлiгi айына 1 рет, жеке кеңес беру ата-аналардың қажеттiлiгiмен белгiленедi.

3. КП күндiзгi уақытта сағат 13.00 ден 15.00 -ге дейiн аптасына 2-3 рет жұмыс жасайды. Кеңес берудiң ұзақтығы 30 минуттан кем емес.

4. Мамандар өз жұмысы бойынша ата-аналарға мәліметтерін ұсынып, өз құзыретінде оларға кеңес береді. Көмек тегін беріледі. Ата-ана бірінші қабылдауында кеңес алып, сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымның нақты маманымен тағы да кездесіп, кеңес ала алады.

5. Кеңес беру мына бағыттармен өткізіледі: - балалардың жас шамасы, психофизикалық ерекшеліктері; - ерте жастағы балаларды тәрбиелеу және дамыту ерекшеліктері; - балалардың дене дамуындағы, психикалық және әлеуметтік дамуындағы неше түрлі ауытқуларын түзету; - балаларды әлеуметтендіру; - балалардың балақшаға келген кезіндегі бейімделуі; - дамыту бағдарламасын таңдау; - ойын қызметін ұйымдастыру; - балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру; - балаларды тәрбиелеу және сауықтыру үшін жағдай жасау.

6. Ата-ана ауызша кеңес алудан басқа, баспалы түрде пайдалы ақпаратты ала алады (буклеттер, жадынамалар, іріктеп алынған практикалық материалдарды).

Консультативтік пунктін басқару

1. Консультативтік пунктін жалпы басқаруда МДҰ меңгерушісі жүзеге асырады.

2. МДҰ меңгерушісі ата-аналармен консультативтік пунктіннің жұмысын жүргізу үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді. Консультативтік жұмысы үшін педагогтарда іріктейді.

Консультативтік пунктіннің құжаттары.

1. Консультативтік пункт қызметін тіркеу үшін келесі құжаттаманы жүргізу қажет:

- жүгінулерді тіркеу журналы;
- консультативтік пунктке келу журналы;
- консультативтік пункт жұмысының жоспары;
- консультативтік пункт жұмысының кестесі;
- өткізілген дәрістер, семинарлар кестесі және т. б.;
- ата-аналар (заңды өкілдер) мен МДҰ басшысы арасындағы шарттар, оған тараптардың өзара құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі кіреді.

2. Консультативтік пунктіннің қызметі жөніндегі есебі жылына 2 рет 30 маусым және 31 желтоқсан бойынша әзірленеді.

Консультативтік пункт бұйрығымен және (ББ бұйрығының атауы) бұйрығымен ашылады, онымен (МДҰ басшысы бұйрығының атауы) Консультативтік пункт туралы ереже, штаттық кесте, қызметкерлердің лауазымдық міндеттері, жұмыс тәртібі бекітіледі.

Консультативтік пунктті ол жанында құрылған МДҰ басшысы тікелей басқарады.